

Булатбаева А.А.,
Әлқожаева Н.С., Ертисова С.Б.

**Педагог-психологтарды
пенитенциарлық мекемелердегі
жұмысқа дайындау
ерекшеліктері
(әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
мысал ретінде)**

Мақалада педагог-психологтарды пенитенциарлық мекемелерде жұмысқа даярлау мәселесі қарастырылған (Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мысал ретінде). Пенитенциарлы жүйедегі педагог-психолог іс-әрекетінің ерекшеліктері сипатталған, атап айтқанда, жабық мекемелердің тәрбиеленушілерінің өмірге қайта бейімделуі мен қайта әлеуметтенуін қамтамасыз етуді психологиялық сүйемелдеу. Педагог-психологтың осы іс-әрекет түрінің маңыздылығының өсуі Қазақстанда ювеналды жүйенің қалыптасуымен байланысты. Педагог-психологтарды пенитенциарлық мекемелерде жұмысқа даярлау барысында міндетті пәндердің оқытылуы маңызды екені көрсетілген. Педагог-психологтар үшін тәжірибелік білімнің пенитенциарлық мекемелерде жетілдіруі маңызды іс екені айқындалды. Сонымен қоса, мақалада философия және саясаттану факультетінің студенттерінен алынған сауалнама нәтижесі көрсетілген. Ұсыныс ретінде авторлар педагог-психологтарды пенитенциарлық жүйеге даярлығын күшейту мақсатында бөлек жеке білімдер траекториясын құрастыруды алға тартады.

Түйін сөздер: пенитенциарлы педагогика, пенитенциарлы мекемелер, түрме тәрбиесі, девиантология.

Bulatbayeva A.,
Algozhaeva N., Yertisova S.

**Features of Preparation of
Educators-Psychologists for Work
in Penitentiary Institutions (on
the Example of Al-Farabi KazNU)**

In the article we envisage the issues formation of future educational psychologists in penal institutions on the basis of Al-Farabi Kazakh National University. Marked features of activity of the psychologist in penal institutions. They relate to the provision of psychological support of students of closed institutions with a view to their reintegration and resocialization for life. This activity of school psychologist updated with the development of the juvenile system in Kazakhstan. It gives a detailed analysis of importance studying some obligatory disciplines in formation educational psychologists to work in penal institutions. The article touches upon the issue of necessity increasing practical knowledge in penal institutions for future educational psychologists. Also in article are described some results of survey students of philosophy and political science faculty. As proposals, the authors propose the development of individual educational trajectory, aimed at the training of teachers-psychologists to penal institutions.

Key words: penitentiary pedagogics, penal institutions, prison education, deviantology.

Булатбаева А.А.,
Әлқожаева Н.С., Ертисова С.Б.

**Особенности подготовки
педагога-психолога
для работы в пенитенциарных
учреждениях (на примере
КазНУ им аль-Фараби)**

В статье рассматривается проблема подготовки педагога-психолога в пенитенциарных учреждениях на примере КазНУ им. аль-Фараби. Обозначены особенности деятельности педагога-психолога в пенитенциарных учреждениях, связанные с обеспечением психологического сопровождения воспитанников закрытых учреждений с целью их реадaptации и ресоциализации к жизни. Это направление деятельности педагога-психолога актуализировано с развитием ювенальной системы в Казахстане. Проанализированы важности изучения некоторых дисциплин в формировании профессиональной направленности у педагогов-психологов на работу в пенитенциарных учреждениях. Выявлена и обоснована необходимость повышения практического знания будущих педагогов-психологов об особенностях деятельности в пенитенциарных учреждениях. Также в статье описаны некоторые результаты опроса студентов факультета философии и политологии. В качестве предложений авторами предлагается разработка отдельной индивидуальной образовательной траектории, направленной на подготовку педагогов-психологов к пенитенциарным учреждениям.

Ключевые слова: пенитенциарная педагогика, пенитенциарное учреждение, тюремное воспитание, девиантология.

**ПЕДАГОГ-
ПСИХОЛОГТАРДЫ
ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ
МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ
ЖҰМЫСҚА ДАЙЫН-
ДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
(ӘЛ-ФАРАБИ
АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰУ
МЫСАЛ РЕТІНДЕ)**

Кіріспе

Қай кезде болмасын маман мәселесі өзектілігін жоймақ емес. Өйткені кадрлар бәрін шешеді демекші, мекемелер, ұйымдардың сапасы кадрлар сапасына тікелей байланысты. Сондықтан да маман даярлау олардың жұмыс беруші орындарымен байланыстырылуы тиіс. Бұл тұрғыда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ біршама оң бастамалар жасауда. Атап айтқанда, жұмыс берушілерден элективті курстар ендіріліп, лидерлік дәрістер тыңдалуда. Соның ішінде философия және саясаттану факультеті педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы шығаратын педагог-психолог мамандарының даярлығының мазмұнына тоқталуды жөн көрдік.

Негізгі бөлім

Педагог-психологтың көптеген әрекеттерінің ішінде интернаттарда, балалар үйлерінде, түзету және оңалту мекемелерінде тәрбиеші деген әрекеттік қызмет түрі бар. Түзету және оңалту мекемелерінде тәрбиеші болып жұмыс жасау үшін арнайы теориялық және практикалық даярлық керек. Отандық ғалымдардан А.Т. Акажанова «Психология девиантного поведения несовершеннолетних: теория и практика» [1] тақырыбындағы монографиясында, сонымен қатар К.Г. Ельшибаевамен бірге «Психологическая служба в закрытых учреждениях» [2] атты оқу құралдарында қарастырған.

Педагогикалық-психологиялық бағыт бойынша оқу бағдарламаны талдай келе түзету және оңалту мекемелерінде тәрбиеші жұмысын жасауға тікелей бағытталған курстарға тоқталуды жөн көрдік. Осы курстардың ішінде Әлеуметтік педагогика; Әлеуметтік психология; Девиантология, Психологиялық-педагогикалық конфликтология негіздері; Пенитенциарлық педагогика; Отбасы мәселелері және сәтсіз отбасылармен жүргізілетін жұмыстың психологиялық-педагогикалық технологиялары; Девиантты мінез-құлықты балаларға психологиялық-педагогикалық кеңес беру; Пенитенциарлық педагогика курстары бар.

Дегенменде көптеген пәндер таңдау пәндері болғандықтан студенттер тарапынан таңдау болмағанын айтып өту ке-

рек. Мұның ішінде пенитенциарлық педагогика, яғни, еңбекпен түзету (исправительная) педагогикасы түрмеде отырған азаматтарды қайта тәрбиелеудің теориясы мен практикасын қарастырады. Мұнда жас ерекшеліктеріне сай тәрбие жұмыстары жүргізіледі, әсіресе девиантты мінез-құлықтағы балалар мен жасөспірімдер қылмысына қатысты кездесетін заң бұзу зерттеледі. Әрине, теориялық білімдердің болуы тиіс, бірақ практика аса қажетті. Осы жерде көптеген ұйымдар жабық ұйымдарға жататындығынан, практикаға рұқсат алу мәселесі тағы бар. Тіпті педагог-психологтарды медицина қызметкерлерін даярлайтындай сол жұмыс жасайтын орындарында оқытып, көзбен көргізіп, қолымен ұстатқаны нәтижелі болады демекпіз.

Сонымен қатар, жұмыс беруші мекемелерден элективті пәндер оқуға мамандар тартылғаны да жақсы болар еді. Олардың өзіндік заңнамалық негізі де болуы тиіс. Мысалы, «Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңында да [3] бұл мәселеге мән берілген. «Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабы мынадай мазмұнда өзгертілген «(6-1) сотталғандардың түзелуін ұйымдастыру; 6-2) жаза атқару мекемелерінде азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету». Сондай-ақ, 5-баптың 1-тармағының 1) тармақшасының бесінші абзацында және 2) тармақшасында «қылмыстық-атқару жүйесінің» деген сөздерден кейін «(пенитенциарлық жүйенің)» деген сөздермен және 10-бапта: «қылмыстық-атқару» деген сөздерден кейін «пенитенциарлық» деген сөзбен толықтырылған. Ал, «11-бап. Қылмыстық-атқару жүйесінің (пенитенциарлық жүйенің) құрылымы [4] деп берілген. Бұл мекемелер оңалту және түзету орталықтары деп аталды, яғни оны мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылатын, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды босатылғаннан кейін алты ай ішінде еңбекке және тұрмыстық орналастыруда құқықтық және психологиялық жәрдем көрсетуге арналған қылмыстық-атқару жүйесінің ұйымдары құрайды [5].

Бұл заңның 20-бабы ол ұйымдардың функциясын айқындайды. Солардың ішінде педагогикалық іс-әрекетке жататындары мынадай функцияларды:

– сотталғандарға түзету ықпалын, соның ішінде психологиялық-педагогикалық әдістерді қолданып жүзеге асыруды ұйымдастыру;

– сотталғандардың жалпы білім алуы мен кәсіби оқуын ұйымдастыру;

– сотталғандардың санитариялық-эпидемиологиялық саулығын және денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету;

– қылмыстық жазасын өтеген адамдарды әлеуметтік бейімдеу мен оңалтуды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

– қызметкерлердің кәсіби дайындығын, құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету;

– мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қылмыстық жаза атқару саласындағы ғылыми зерттеулерін үйлестіру [4] деп көрсеткен.

Қылмыстық-атқару жүйесінің білім беру мекемесіне оқуға орта білімі бар, денсаулық жағдайы бойынша қылмыстық-атқару жүйесінде қызмет өткеруге жарамды адамдар қабылданады. Қылмыстық-атқару жүйесінің білім беру мекемесінің күндізгі бөлімдеріндегі оқу уақыты әскери қызмет өткеруге теңестіріледі. Бұл ретте, қылмыстық-атқару жүйесінің білім беру мекемесіне оқуға түскен адамдармен шарт жасалады, онда білім беру мекемесін бітіргеннен кейін пенитенциарлық қызметті одан әрі өткеру шарттары мен мерзімдері көзделеді. Пенитенциарлық қызметке алғаш түскен адамдар міндетті тәртіппен бастапқы арнайы оқудан және тағлымдамадан өтеді, олар үшін сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін. Сынақ мерзімінен және тағлымдамадан өту тәртібі мен шарттарын уәкілетті орган белгілейді [6].

Сонымен, пенитенциарлық мекемелерде жұмыс жасауға даярлық тереңдетілу керек, арнайы практик мамандар шақыртылып, өндірістік тәжірибе базасымен қамтамасыз ету сапалы кадрлар қалыптастыруға ықпал етеді. Ол үшін ол мекемелерде жүргізілетін тәрбиелеу, қайта тәрбиелеу жұмыстарының мазмұнымен таныс болу керек.

Сондықтан да болашақ педагог-психолог бас бостандығынан айырылғандармен жұмыстың барлық түрлерімен және олардың негізгі қылмысының түрін және оның себептерін анықтаулары қажет деп санаймыз. Бұл тұрғыда А.А. Ескендіров: ең алдымен ата-ананың балаға қатыгездігін жатқызады. Ондай қылық көбіне ішімдікке салынған, жүйкесі тозған немесе психикасында ауытқулары бар ата-аналар тарапынан жиі кездеседі екен. Қатыгездік қатыгездікті тудырады, тіпті ол қалыпты отбасыларында да болады, мұнда ата-ана баланы үйреншікті әдет-салттан бас тартқандығы үшін жазалайды. Екіншіден, ата-ананың және отбасының ересек мүшелерінің ішімдікке салынуы негізінде психологиялық

ахуалдың бұзылуы. Үшіншіден, оқу үлгерімі нашар болғандықтан оқуды тастап кеткен, еш нәрсемен айналыспайтын бала мен педагогтар, ата-ана арасында туындайтын қақтығыстар. Төртіншіден, баланың өгей әкеге, өгей шешеге сыйыспауы. Бұл өгей әкенің бала мен оның шешесін сыйламауынан, өгей әкенің үйдегі балаларға дұрыс емес көзқарасынан туындайды. Бесіншіден, ата-ананың әдепсіздігі, олардың отбасын притонға айналдыруы. Мұндай жағдайда балалар көбіне қараусыз, аш қалады, тіпті кейбір балалар қаңғыбастық өмірді ұнатады. Алтыншыдан, жастар арасындағы өзара қатынастың бұзылуын бөліп қарастырады [7].

Мәселеге қатысты Л.К. Керимов өзінің қиын балаларды қайта тәрбиелеу, тәртіп бұзушылардың алдын алу туралы еңбек жазып, өзінің ойымен бөліскен. Атап айтқанда, қиын балалар туа бітпейді, ата-ана, мұғалімнің дер кезінде қарапайым тәртіп бұзушылыққа мән бермегендіктен болады, сондай-ақ тәрбиеде ұсақтүйектің болмайтынын басып айтқан [8].

Сонымен, педагог-психологтың ең қиын да күрделі әрекеті ол пенитенциарлық мекемелердегі жұмыс. Бұл күрделі де, қызықты әрекет.

Оған біз студенттерден алынған сауалнама нәтежиесін талдау барысында көз жеткіздік. Мысалы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 22 студенттен алынған сауалнамадағы «Пенитенциарлық мекемеде жұмыс жасағыңыз келеді ме?» деген сұраққа 13 студент «Ия» деп жауап берген және 1 студент толық білмеген соң ойлану керек десе, 8-і «Жоқ» деген жауапты көрсеткен. «Пенитенциарлық мекемеде жұмыс жасауға бағытталған қандай курс оқыдыңыз?» дегенде 19 студент «Девиантология» деп көрсетсе, 2 студент оған қоса «Жас ерекшелік психологиясын» қосады, 1 студент «Ешқандай» деп жауап берген.

«Сіз қалай ойлайсыз педагог-психолог пенитенциарлық мекемеде жұмыс жасау үшін ең алдымен нені білуі тиіс?» деген сауалға 6 сту-

дент жауап бере алмаған, 15 студент «Құқықты, заңды, конституцияны» десе, 1 студент «Тәрбие теориясын» деген. «Сіз оқитын оқу орнында құқықтық тәрбие бойынша тәрбиелік іс-шаралар өткізілді ме?» деген сауалға 5 студент «Жоқ» деген болса, 17-і «Ия» деп жауап берген.

«Сіз оқитын оқу орнының «педагог-психолог» мамандарды даярлау үдерісіне қанағаттанасыз ба?» деген сұраққа 20 студент «Ия», 2 студент жауапсыз қалдырған.

Сонымен бізді ойландырған мәселе 22 студенттің 13-і пенитенциарлық мекемеде жұмыс жасағылары келетіндігі, алайда оған даярлық көзі ретінде тек «Девиантология» курсы таңдағандығы және толық қанды пенициарлық мекемелердегі жұмыс ерекшеліктері білімінің тайыздығы. Әрине, пенитенциарлық мекемеде жұмыс жасаудың өзіндік ерекшеліктерімен қатар, қиыншылықтары да бар, сол себептен педагог-психологтарды мұндай жұмысқа арнайы даярлау қажет, ол үшін біздің ойымызша, мамандарды даярлау барысында осы бағытта жеке білім траекториясын енгізі қажет деген ойға тоқталдық және ол траекторияны жүзеге асыру үшін сол мекемелерден кадрлар тартылғаны дұрыс. Барлығы 22 студенттен алынған сауалнама тұтастай алғанда толық қорытынды шығаруға аздық етеді, дегенменде ақпарат, белгі ретінде қабылдауға болады. Болашақтағы іс-әрекет үшін ойлануға болатын ақпарат.

Қорытынды

Қорыта келе болашақта пенитенциарлық мекемелерде жұмыс жасауға бағытталған арнайы курстар ұсынылуы және ол курстарды оқуға тәжірибесі бар мамандардың тартылуы, сонымен қатар осындай орындарда практика өту мақсатында келісім шарттар жасалу керек деген ойдамыз.

Әдебиеттер

- 1 Акажанова А.Т. Психология девиантного поведения несовершеннолетних: теория и практика: Монография. – Алматы, 2011. – 304 с.
- 2 Психологическая служба в закрытых учреждениях: учебное пособие/ А.Т. Акажанова, К.Г. Ельшибаева. – 2-е изд., стер. – Алматы: Нур-Принт, 2014. – 110 с.
- 3 «Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 тамыздағы № 885 қаулысы.
- 4 «Әділет органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат).
- 5 Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы». – Алматы: Юрист, 2007. – 42 б.

- 6 Нұрланова С. С. Пенитенциарлық мекемелер жүйесіндегі әлеуметтік жұмыс: оқу-әдістемелік кешені. – Қарағанды: ҚарМУ басп., 2011. – 94 б.
- 7 Ескендилов А.А. Проблемы исполнения уголовных наказаний в отношении несовершеннолетних осужденных: дисс. ... канд.юрид.наук: 12.00.08 – Астана, 2005. – 130 с.
- 8 Керимов Л.К. Индивидуализация перевоспитания трудных детей: Ранняя профилактика отклоняющегося поведения учащихся: (Психолого-педагогический аспект): Пособие для учителя. 2-е издание 2003. – 131 с.

References

- 1 Akazhanova T. A. Psychology of deviant behavior of juveniles: theory and Practice. Monograph. – Almaty, Publishing house «Security paper», 2011.
- 2 Akazhanova A. T., Elchibaeva K. G. Psychological services in private institutions. Textbook. – Almaty: Nur-Print, 2009. – 111 p.
- 3 “About the justice authorities”, on introducing amendments and addenda to the Law of the Republic of Kazakhstan” on the draft Law of the Republic of Kazakhstan resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated 29 August 2003, № 885
- 4 “About the justice authorities”, the Law of the Republic of Kazakhstan of 18 March 2002 (Gazette of the Parliament of the Republic of Kazakhstan, 2002, №. 6, 67– document).
- 5 “Law on Education” of the Republic of Kazakhstan. – Almaty: Lawyer, 2007. – 42 p.
- 6 Nurlanova S.S. Penitentiary institutions in the system of social work: training complex. – Karaganda:Publishing house of Karaganda state medical University, 2011. – 94 p.
- 7 Eskendirov A. A. The problems of enforcement of criminal sanctions against juvenile offenders:thesis of candidate of legal Sciences: 12.00.08 – Astana, 2005. – 130 p.
- 8 Kerimov L. K. Individualization of the re-upbringing of problem child: Early prevention of deviant behavior of pupil: (Psychological-pedagogical aspect): a tutorial for teachers. 2nd edition, 2003. – 131 p.